



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

25.05.2023 № 2-010335-23-41816

28.04.2023 ж. №ДС-119

**Парламент
Мәжілісінің депутаттары
А.Т. Зейнуллинге, Р.С. Қожасбаевқа,
И.В. Смирноваға, Е.Д. Стамбековке,
Ү. Шапаққа**

Құрметті Парламент Мәжілісінің депутаттары!

2023 жылғы 26 сәуірде Парламент Мәжілісінің сессиясында, оның ішінде менің атыма, микроқаржы (коллекторлық, кредиттік) ұйымдармен және ломбардтармен жасалған шарттарды жарамсыз деп танудың сот практикасына талдау жүргізу, сондай-ақ төреліктердің қызметіне бақылауды күшейту, сотқа медиатордың қорытындысын беру мәселелері бойынша жарияланған Қазақстан азаматтарының несиеленіп кету мәселелері бойынша депутаттық сауал қаралды.

«Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 17-бабына сәйкес республика соттарының сот төрелігін жүзеге асыру кезінде заңдылықты сақтау мәселелері бойынша сот практикасын талдау Жоғарғы Соттың айрықша құзыретіне жатады.

Қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокуратура өзге мемлекеттік органдардың, оның ішінде сот билігінің функцияларын алмастырмайды («Прокуратура туралы» Конституциялық заңның 5-бабының 4-тармағы).

Сонымен бірге 2020 жылы Бас прокуратура атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру призмасы арқылы жеке сот орындаушыларының (ЖСО) қызметін тексеріп коллекторлық компаниялардың жұмысын талдады.

Коллекторлар банктерден проблемалық борыштық портфельдерді сатып алғаны, кейін борышкерлерден шығындарды өтеу және пайда табу үшін барынша борышты жабуына қол жеткізуге тырысатыны анықталды.

Алайда мәжбүрлеп өндіріп алудың қажетті құралдарынсыз коллекторлық кеңселер заңсыз жұмыс әдістеріне дейін барған, өз қызметкерлеріне (коллекторларына) ЖСО лицензияларын ресімдеген.

Тексеріс және талдау нәтижелері бойынша Әділет министріне ұсыну енгізілді, 17 ЖСО Республикалық ЖСО палатасының мүшелігінен шығарылып, лицензияларынан айырылды.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне (бұдан әрі – ҚНРДА) коллекторлық компаниялар тарапынан бұзушылықтар туралы хат жіберіліп, коллекторлардың жауаптылығын күшейтетін «Коллекторлық қызмет туралы» Заңға өзгерістер енгізілді.

Мемлекет басшысының атына тексеру нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы жазба жіберілді.

Қазіргі кезде Бас прокуратура нотариустардың атқарушылық жазбаларды жазуы және оларды жеке сот орындаушыларының 2020-2023 жылдары орындауы кезінде заңдылықтың сақталуына талдауды бастады.

Мониторинг нотариустар банктердің, микрокредиттік ұйымдар мен коллекторлық компаниялардың пайдасына атқарушылық жазбалар жазу кезінде борышкерлердің құқықтарын өрескел бұзады деп пайымдауға негіз береді.

Талдау нәтижелері бойынша тиісті шаралар қабылданатын болады.

Медиатордың жазбаша қорытындысына қатысты

Соңғы үш жылда медиация институтын жетілдіру мақсатында заңнамалық актілерге (АПК, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекске, «Медиация туралы», «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңдарға) бірқатар түзетулер енгізілді.

АПК судьяларға талап қою түскеннен кейін бірден медиативтік рәсімдерді жүргізуге мүмкіндік береді. Судьяның немесе медиатордың көмегімен медиативтік келісім жасасу мүмкіндігі сот ісін жүргізудің барлық кезеңдерінде сақталады.

Кредитор мен қарыз алушы арасындағы келісімге қол жеткізбеу туралы медиатордың сотқа жазбаша қорытындысын беру тек сотқа дейінгі медиация рәсімінен міндетті түрде өту жолын енгізумен ғана мүмкін, бұл әрбір адамның сот арқылы қорғалу құқығының конституциялық қағидатын бұзатын болады.

Алайда медиация рәсіміне қатысу тараптардың өзара ерікті ерік білдіру қағидатына негізделген («Медиация туралы» Заңның 5-бабы).

Бұл дегеніміз, сот та, медиаторлар да тараптардың бірін медиация арқылы дауды шешуге мәжбүрлеуге құқылы емес.

Төреліктердің қызметіне қатысты.

Төрелік – тәуелсіздік қағидаттарына, тараптардың ерік-жігерінің дербестігіне, рәсімнің құпиялылығына және оның ережелерін талқылау тараптарының айқындау мүмкіндігіне негізделген дауларды шешудің баламалы тәсілдерінің бірі.

Қазақстанда алғашқы төреліктер 1993 жылы тәуелсіздік алғаннан және нарықтық қатынастарға көшкеннен кейін пайда болды, алайда заңнамалық деңгейде төреліктер мәселелері 2004 жылы ғана реттелді.

Қазіргі қолданыстағы «Төрелік туралы» заң (бұдан әрі – Заң) 2016 жылы қабылданды.

Төреліктердің қарауына азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын даулар ғана және тараптардың жазбаша келісімі бойынша ғана берілуі мүмкін.

Төреліктің шешімі түпкілікті болып табылады және мәні бойынша қайта қарауға жатпайды. Оған тараптар (сондай-ақ іске қатысуға тартылмаған, бірақ төрелік құқықтары мен міндеттеріне қатысты шешім қабылдаған адамдар) мемлекеттік сотқа шағымдануы мүмкін, бірақ күшін жою үшін негіздердің тізбесі процесік

бұзушылықтармен шектеледі (дау төрелікте қаралуға жатпайды, талқылау тарабы әрекетке қабілетсіз деп танылады, тиісті түрде хабарламау, төрелік құрамының немесе тараптардың келісімін талқылау рәсімдерінің сәйкес келмеуі, сол мәселе бойынша сот немесе төрелік шешімінің болуы).

Қазақстанда жұмыс істейтін төреліктердің нақты саны белгісіз, бірыңғай орталық пен статистика жоқ, Қазақстанның Төрелік палатасына мүшелік ерікті. Бұл ретте Заңға сәйкес дауды тұрақты жұмыс істейтін төрелік те, оны шешу үшін арнайы құрылған төрелік те қарауы мүмкін.

Заңның 16-бабының 1-тармағына сәйкес төрелік шешімдер туралы ақпарат тараптардың келісімі болған кезде орналастырылады.

Жалпы ұсынылған шартқа қосылу жолымен шарттар жасасатын жеке тұлғалардың – кредиттік ұйымдардың клиенттерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында (оның ішінде «белгі» қоя отырып) Бас прокуратураның бастамасы бойынша Заңның 8-бабының 4-тармағы қаржылық қызметтерді тұтынушылардың көрсетілген тобына қатысты төрелік келісім тек талап қою үшін негіздер пайда болғаннан кейін қол қойылуы тиіс ережемен толықтырылды. Әйтпесе, дау төрелікте қарауға жатпайды.

Дәл сол уақытта төреліктердің қызметін реттейтін заңнаманың жетілмегендігін, тиісті ашықтықтың, «күшті» тараптың құқығын теріс пайдалануға, осы саланы жасырын криминализациялауға кедергі келтіретін тетіктердің, мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға жауапты уәкілетті мемлекеттік органның жоқтығын атап өтеміз.

Мысалы, төрешілер, заң мамандығының басқа өкілдерінен (судьялар, адвокаттар, нотариустар) айырмашылығы, өздерінің біліктілік деңгейін растауға тиіс емес, көрінеу құқыққа қайшы шешімдер, әдепті бұзғаны, зиян келтіргені, ақпаратты жария еткені үшін ешқандай жауаптылыққа тартылмайды.

Парламент Мәжілісі депутаттарының заңнамалық бастамасы шеңберінде белгіленген проблемаларды шешуге бағытталған заңнамалық түзетулер әзірленген жағдайда, Бас прокуратура нақты ұсыныстар енгізуге және оларды талқылауға белсенді қатысуға дайын екендігін білдіреді.

Б. Асыллов



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

25.05.2023 № 2-010335-23-41816

28.04.2023 г. №ДС-119

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Зейнуллину А.Т., Кожасбаеву Р.С.,
Смирновой И.В., Стамбекову Е.Д.,
Шапак У.

Уважаемые депутаты Мажилиса Парламента!

Депутатский запрос по проблемам закредитованности граждан Казахстана, оглашенный 26 апреля 2023 года на сессии Мажилиса Парламента, в том числе в мой адрес, по вопросам проведения анализа судебной практики признания недействительными договоров, заключенных с микрофинансовыми (коллекторскими, кредитными) организациями и ломбардами, а также усиления контроля над деятельностью арбитражей, предоставления суду заключения медиатора рассмотрен.

В силу ст.17 Конституционного закона «О судебной системе и статусе судей» анализ судебной практики по вопросам соблюдения законности при отправлении правосудия судами республики относится к исключительной компетенции Верховного Суда.

При осуществлении надзора прокуратура не подменяет функции иных государственных органов, в том числе судебной власти (п.4 ст.5 Конституционного закона «О прокуратуре»).

Вместе с тем в 2020 году Генеральной прокуратурой через призму осуществления надзора за законностью исполнительного производства проверена деятельность частных судебных исполнителей (ЧСИ) и проанализирована работа коллекторских компаний.

Установлено, что коллекторы выкупали у банков проблемные долговые портфели, а затем добивались от должников максимального погашения, чтобы возместить расходы и получить прибыль.

Однако, не имея необходимых инструментов принудительного взыскания, коллекторские конторы прибегали к незаконным методам работы, оформляли лицензии ЧСИ на своих сотрудников (коллекторов).

По результатам проверок и анализа Министру юстиции внесено представление, 17 ЧСИ исключены из членства в Республиканской палате ЧСИ и лишены лицензий.

В Агентство по регулированию и развитию финансового рынка (далее - АРРФР) направлено письмо о нарушениях со стороны коллекторских компаний, внесены изменения в Закон «О коллекторской деятельности», усиливающие ответственность коллекторов.

В адрес Главы государства направлена записка о результатах проверок и принятых мерах.

В настоящее время Генеральной прокуратурой начат анализ соблюдения законности при выписке нотариусами исполнительных надписей и их исполнении частными судoisполнителями за 2020-2023 годы.

Мониторинг дает основания полагать, что нотариусы при выписке исполнительных надписей в пользу банков, микрокредитных организаций и коллекторских компаний грубо нарушают права должников.

По результатам анализа будут приняты соответствующие меры.

Относительно письменного заключения медиатора.

За последние три года с целью совершенствования института медиации внесен ряд поправок в законодательные акты (ГПК, Кодекс «О браке (супружестве) и семье», Законы «О медиации», «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей»).

ГПК позволяет судьям проводить медиативные процедуры сразу после поступления иска. Возможность заключения медиативного соглашения при содействии судьи или медиатора сохраняется на всех стадиях судопроизводства.

Предоставление суду письменного заключения медиатора о недостижении согласия между кредитором и заемщиком возможно только путем введения обязательного прохождения досудебной процедуры медиации, что будет нарушать конституционный принцип права каждого на судебную защиту.

Однако участие в процедуре медиации основано на принципе взаимного добровольного волеизъявления сторон (ст.5 Закона «О медиации»).

Это означает, что ни суд, ни медиаторы не вправе принуждать одну из сторон к урегулированию спора посредством медиации.

Относительно деятельности арбитражей.

Арбитраж – один из альтернативных способов разрешения споров, основанный на принципах независимости, автономии воли сторон, конфиденциальности процедуры и возможности определения ее правил сторонами разбирательства.

В Казахстане первые арбитражи появились в 1993 году, после обретения независимости и перехода к рыночным отношениям, однако на законодательном уровне вопросы арбитражей были урегулированы лишь в 2004 году.

Действующий сейчас закон «Об арбитраже» (далее - Закон) принят в 2016 году.

На рассмотрение арбитражей могут быть переданы только споры, вытекающие из гражданско-правовых отношений, и только по письменному соглашению сторон.

Решение арбитража является окончательным и пересмотру по существу не подлежит. Оно может быть обжаловано сторонами (а также лицами, не привлеченными к участию в деле, но в отношении прав и обязанностей которых арбитраж принял решение) в государственный суд, но перечень оснований для отмены ограничен процессуальными нарушениями (спор не подлежит рассмотрению в арбитраже, сторона разбирательства признана недееспособной, ненадлежащее уведомление, несоответствие состава

арбитража или процедуры разбирательства соглашению сторон, наличие решения суда или арбитража по тому же вопросу).

Точное количество действующих в Казахстане арбитражей не известно, единого центра и статистики не существует, членство в Арбитражной палате Казахстана добровольное. При этом в силу Закона спор может быть рассмотрен как постоянно действующим арбитражем, так и созданным специально для его разрешения.

Согласно пункту 1 статьи 16 Закона информация об арбитражных решениях размещается при наличии согласия сторон.

В целях защиты прав и законных интересов физических лиц – клиентов кредитных организаций, заключающих договоры путем присоединения к предложенному договору в целом (в т.ч. проставлением «галочки») по инициативе Генеральной прокуратуры пункт 4 статьи 8 Закона дополнен положением, в силу которого в отношении указанной группы потребителей финансовых услуг арбитражное соглашение должно быть подписано только после возникновения оснований для предъявления иска. В противном случае спор не подлежит рассмотрению арбитражем.

В то же время отмечаем несовершенство законодательства, регулирующего деятельность арбитражей, отсутствие должной прозрачности, механизмов, препятствующих злоупотреблению правом «сильной» стороны, латентной криминализации данной сферы, уполномоченного государственного органа, ответственного за выработку и реализацию государственной политики.

К примеру, арбитры, в отличие от других представителей юридической профессии (*судьи, адвокаты, нотариусы*), не должны подтверждать уровень своей квалификации, не несут никакой ответственности за заведомо неправосудные решения, нарушение этики, причинение вреда, разглашение информации.

В случае разработки законодательных поправок, направленных на разрешение обозначенных проблем, в рамках законодательной инициативы депутатов Мажилиса Парламента, Генеральная прокуратура выражает готовность внести конкретные предложения и принять активное участие в их обсуждении.

Б. Асыллов